

«Bank RBK» Банкі
Акцияерлік қоғамы

«Bank RBK» АҚ,
050013 (А15Х3С7), Қазақстан Республикасы,
Алматы қ-сы, Республика а-ңы к-сі, 15.
Тел.: +7 (727) 330 90 30
SWIFT: KINCKZKA
E-mail: info@bankrbk.kz



☎ 7888.kz

Акционерное общество
«Банк «Bank RBK»

АО «Bank RBK»,
050013 (А15Х3С7), Республика Казахстан,
г. Алматы, ул. пл. Республики, 15.
Тел.: +7 (727) 330 90 30
SWIFT: KINCKZKA
E-mail: info@bankrbk.kz


№ 28 / 4860
31 августа 2014

АО «Казахстанская фондовая биржа»
АО «Информационно-учетный центр»
010000, г. Нур-Султан, пр. Республики, д.29, тел. (7172) 55-29-81

ЗАЯВКА

Настоящим АКЦИОНЕРНОЕ ОБЩЕСТВО "БАНК "BANK RBK" (БИН 920440001102, Казахстан, 050013, Алматы г.а., Бостандыкская р.а., площадь Республики, дом 15, , (727) 330-90-30, info@bankrbk.kz, www.bankrbk.kz) направляет текст информационного сообщения «Проспект выпуска эмиссионных ценных бумаг эмитента с учетом внесенных в него изменений и (или) дополнений» на русском, казахском языке(ах), для размещения/опубликования его на интернет-ресурсе Депозитария финансовой отчетности, представляющего собой средство массовой информации согласно определению, данному в подпункте 3) пункта 2 Правил раскрытия эмитентом информации, утвержденных постановлением Правления Национального Банка Республики Казахстан от 27 августа 2018 года № 189.

№	№ п.п.	Показатель / Көрсеткіш / Indicator	Содержание информации / Ақпарат мазмұны / Information content
1	2	3	4
21		Проспект выпуска эмиссионных ценных бумаг эмитента с учетом внесенных в него изменений и (или) дополнений	
		Енгізілген өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды ескере отырып, эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздарын шығару проспектісі	
1		дата государственной регистрации уполномоченным органом проспекта выпуска эмиссионных ценных бумаг или дата регистрации уполномоченным органом изменений и (или) дополнений в проспект выпуска эмиссионных ценных бумаг эмитента	26.08.2021
		эмиссиялық бағалы қағаздар шығару проспектісін уәкілетті органның мемлекеттік тіркеу күні немесе эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздары шығару проспектісіне өзгерістер не толықтыруларды уәкілетті органның тіркеу күні	
2		сканированный вариант проспекта выпуска эмиссионных ценных бумаг эмитента в формате PDF, зарегистрированного уполномоченным органом	Сканированная копия документа прилагается в разделе эл. отчета "Скан (изменений) проспекта выпуска ЦБ"
		эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздары шығару проспектісінің уәкілетті орган тіркеген PDF форматындағы сканерленген көшірмесі	
3		сканированный вариант изменений и (или) дополнений в проспект выпуска эмиссионных ценных бумаг эмитента в формате PDF, зарегистрированных уполномоченным органом	Сканированная копия документа прилагается в разделе эл. отчета "Скан (изменений) проспекта выпуска ЦБ"
		эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздары шығару проспектісіне өзгерістер және (немесе) толықтырулардың уәкілетті орган тіркеген PDF форматындағы сканерленген көшірмесі	
4		электронный вариант проспекта выпуска эмиссионных ценных бумаг эмитента с учетом внесенных в него изменений и (или) дополнений	Электронный вариант (с учетом изменений) проспекта выпуска ЦБ
		эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздары шығару проспектісінің оған енгізілген өзгерістері және (немесе) толықтырулары ескерілген электрондық нұсқасы	
При получении эмитентом от уполномоченного органа в течение одного рабочего дня нескольких зарегистрированных изменений и дополнений в проспект выпуска эмиссионных ценных бумаг эмитента допускается предоставление информации посредством представления эмитентом одной заявки, содержащей информацию по нескольким таким изменениям и дополнениям в проспект.			
Эмитент бір жұмыс күні ішінде уәкілетті органдан эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздары шығару проспектісіне бірнеше өзгерістер мен толықтырулар алған жағдайда, эмитенттің проспектіге енгізілген осындай бірнеше өзгерістер мен толықтырулар бойынша ақпаратты камтитын бір өтінім ұсынуы арқылы ақпарат беруіне рұқсат етіледі.			


АКЕНТЬЕВА НАТАЛЬЯ ЕВГЕНЬЕВНА

Исп. Тайлыбаев Д.М.
Тел. 330 90 30, вн. 1260

0022608



Екінші облигациялық бағдарлама шегінде 5 000 000 000 (бес миллиард) теңге сомасына мемлекеттік емес облигациялардың бесінші шығарылымының проспектісі

Толық атауы:

Мемлекеттік тілде: «Bank RBK» Банкі» Акционерлік қоғамы

Орыс тілінде: Акционерное общество «Банк «Bank RBK»

Ағылшын тілінде: Bank «Bank RBK» Joint Stock Company

Қысқартылған атауы:

Мемлекеттік тілде: «Bank RBK» АҚ

Орыс тілінде: АО «Bank RBK»

Ағылшын тілінде: Bank RBK JSC

"Уәкілетті органның мемлекеттік емес облигациялар шығарылымын (облигациялық бағдарламаны, облигациялық бағдарлама шегінде мемлекеттік емес облигациялар шығарылымын) мемлекеттік тіркеуі проспектіде сипатталған мемлекеттік емес облигацияларды сатып алуға қатысты инвесторларға қандай да бір ұсынымдар беруді білдірмейді және осы құжаттағы ақпараттың анықтығын растамайды.

Эмитенттің лауазымды тұлғалары онда ұсынылған барлық ақпараттың дұрыс екенін және эмитентке және оның орналастырылатын мемлекеттік емес облигацияларына қатысты инвесторларды жаңылыстырмайтынын растайды.

Мемлекеттік емес облигациялардың айналысы кезеңінде эмитент Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығы туралы заңнамасының талаптарына сәйкес бағалы қағаздар нарығындағы ақпаратты қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында ашуды қамтамасыз етеді. "

"Bank RBK" АҚ екінші облигациялық бағдарламасы шегіндегі мемлекеттік емес облигациялардың бесінші шығарылымының Проспектісі

1.	Облигациялардың бесінші шығарылымы "Bank RBK "Банкі" Акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Банк) екінші облигациялық бағдарламасының проспектісіне сәйкес жүзеге асырылады:		
2.	Облигациялық бағдарлама туралы мәліметтер:		
1)	облигациялық бағдарлама проспектісін мемлекеттік тіркеу күні	2015 жылғы 10 шілде, нөмірі F03	
2)	облигациялық бағдарламаның шығарылымы жүзеге асырылатын шегіндегі көлемі	250 000 000 000 (екі жүз елу миллиард) теңге	
3)	облигациялық бағдарлама шегіндегі барлық алдыңғы облигациялар шығарылымдары туралы мәліметтер (осы облигациялық бағдарлама шегіндегі әр шығарылым бойынша бөлек жеке), оның ішінде:		
		Екінші облигациялық бағдарлама шегінде шығарылған облигациялардың бірінші шығарылымы	Екінші облигациялық бағдарлама шегінде шығарылған облигациялардың екінші шығарылымы
	облигациялар шығарылымын қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органда (бұдан әрі - уәкілетті орган) тіркеу күні	19 мамыр 2016 жыл, нөмірі F03-1 (ISIN KZ2C00003598; НИН KZP01Y02F032)	19 мая 2016 года, нөмірі F03-2 (ISIN KZ2C00003606; НИН KZP02Y03F038)
	облигациялардың түрі және саны	10 000 000 000 (он миллиард) дана; қамтамасыз етілмеген атаулы купондық облигациялар	10 000 000 000 (он миллиард) дана; қамтамасыз етілмеген атаулы купондық облигациялар
	шығарылымның номиналды құны бойынша көлемі	10 000 000 000 (он миллиард) теңге	10 000 000 000 (он миллиард) теңге
	орналастырылған облигациялар шығарылымының саны	0	0
	облигацияларды орналастыру кезінде тартылған ақшаның жалпы көлемі	0	0
	облигациялардың осы шығарылымы бойынша есептелген және төленген сыйақы сомасы	0	0
	сатып алынған облигацияларды сатып алу күнін көрсете отырып, олардың саны	0	0
	Эмитенттің облигацияларды ұстаушылар алдындағы өз міндеттемелерін орындамау (төлеуі кешіктіру) фактілері туралы мәліметтер, орындалмаған міндеттемелердің мөлшері және оларды орындау мерзімін кешіктіру туралы ақпаратты қоса алғанда, облигациялар бойынша сыйақы, облигациялар бойынша есептелген, бірақ төленбеген сыйақы сомасы	жоқ	жоқ
	егер облигациялар шығарылымын орналастыру не айналысы тоқтатыла тұрған (қайта басталған) жағдайда, осындай шешімдерді қабылдаған мемлекеттік орган, оларды қабылдаудың негізі мен күні көрсетіледі	облигациялардың айналысы тоқтатылған жоқ	облигациялардың айналысы тоқтатылған жоқ

"Bank RBK" АҚ екінші облигациялық бағдарламасы шегіндегі мемлекеттік емес облигациялардың бесінші шығарылымының Проспектісі

сауда-саттықты ұйымдастырушылардың атауларын қоса алғанда, облигациялар айналысқа түсетін нарықтар	облигациялар "Қазақстан қор биржасы" АҚ сауда алаңында ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында айналысқа түсті.	облигациялар "Қазақстан қор биржасы" АҚ сауда алаңында ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында айналысқа түсті.
егер облигациялар айналыста болған жағдайда, облигациялар оларды ұстаушыларға ұсынатын құқықтар, оның ішінде шектеулер (ковенанттар) бұзылған кезде өткізілген және ұстаушылармен жасалған облигацияларды сатып алу-сату шарттарында көзделген, ұстаушылардың осы құқықтарын іске асыру тәртібі көрсетілген құқықтар	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі 2018 жылғы 16 тамыздан бастап Банктің екінші облигациялық бағдарламасы (2018 жылғы 22 тамыздағы кіріс №6280) шегінде облигациялардың бірінші шығарылымын жойды.	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі 2018 жылғы 16 тамыздан бастап Банктің екінші облигациялық бағдарламасы (2018 жылғы 22 тамыздағы кіріс №6280) шегінде облигациялардың екінші шығарылымын жойды.
	Екінші облигациялық бағдарлама шегінде шығарылған облигациялардың үшінші шығарылымы	Екінші облигациялық бағдарлама шегінде шығарылған облигациялардың төртінші шығарылымы
облигациялар шығарылымын қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау мен қадағалау жөніндегі уәкілетті органда (бұдан әрі - уәкілетті орган) тіркеу күні	18 маусым 2019 жыл, ISIN KZ2C00006013	18 маусым 2019 жыл, ISIN KZ2C00006021
облигациялардың саны мен түрі	100 000 000 (жүз миллион) дана; қамтамасыз етілмеген атаулы купондық облигациялар	100 000 000 (жүз миллион) дана; қамтамасыз етілмеген атаулы купондық облигациялар
номиналды құны бойынша шығару көлемі	60 000 000 000 (алпыс миллиард) теңге	100 000 000 000 (жүз миллиард) теңге
шығарылымның орналастырылған облигацияларының саны	50 000 000 (елу миллион) дана	50 054 584 (елу миллион елу төрт мың бес жүз сексен төрт) дана
облигацияларды орналастыру кезінде тартылған ақшаның жалпы көлемі	30 000 000 000 (отыз миллиард) дана	50 054 584 000 (елу миллиард елу төрт миллион бес жүз сексен төрт мың) дана
облигациялардың осы шығарылымы бойынша есептелген және төленген сыйақы сомасы	4 682 756 199,60 (төрт миллиард алты жүз сексен екі мың жеті жүз елу алты мың бір жүз тоқсан тоғыз теңге алпыс тиын)	1 357 758 529,75 (бір миллиард үш жүз елу жеті миллион жеті жүз елу сегіз мың бес жүз жиырма тоғыз бүтін жетпіс бес тиын)
сатып алынған облигацияларды сатып алу күнін көрсете отырып, олардың саны	7 450 344 (жеті миллион төрт жүз елу мың үш жүз қырық төрт) дана, 19.11.2020 жыл	0
эмитенттің облигацияларды ұстаушылар алдындағы өз міндеттемелерін орындамау (төлеуі кешіктіру) фактілері туралы мәліметтер, орындалмаған міндеттемелердің мөлшері және оларды орындау мерзімін кешіктіру туралы ақпаратты қоса алғанда, облигациялар бойынша сыйақы, облигациялар бойынша есептелген, бірақ төленбеген сыйақы сомасы	жоқ	жоқ

"Bank RBK" АҚ екінші облигациялық бағдарламасы шегіндегі мемлекеттік емес облигациялардың бесінші шығарылымының Проспектісі

	егер облигациялар шығарылымын орналастыру не айналысы тоқтатыла тұрған (қайта басталған) жағдайда, осындай шешімдерді қабылдаған мемлекеттік орган, оларды қабылдаудың негізі мен күні көрсетіледі	облигациялардың айналысы тоқтатылған жоқ	облигациялардың айналысы тоқтатылған жоқ
	сауда-саттықты ұйымдастырушылардың атауларын қоса алғанда, облигациялар айналысқа түсетін нарықтар	облигациялар "Қазақстан қор биржасы" АҚ сауда алаңында ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында айналысқа түсті.	облигациялар "Қазақстан қор биржасы" АҚ сауда алаңында ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында айналысқа түсті.
	егер облигациялар айналыста болған жағдайда, облигациялар оларды ұстаушыларға ұсынатын құқықтар, оның ішінде шектеулер (ковенанттар) бұзылған кезде өткізілген және ұстаушылармен жасалған облигацияларды сатып алу-сату шарттарында көзделген, ұстаушылардың осы құқықтарын іске асыру тәртібі көрсетілген құқықтар	Қазақстан Республикасының заңнамасында және облигациялар шығару проспектісінде көзделген облигацияларға меншік құқығынан туындайтын құқықтар.	Қазақстан Республикасының заңнамасында және облигациялар шығару проспектісінде көзделген облигацияларға меншік құқығынан туындайтын құқықтар.
3.	Облигациялар шығарылымы туралы мәліметтер:		
	1) облигациялардың түрі	Қамтамасыз етілмеген атаулы купондық облигациялар	
	2) бір облигацияның номиналды құны	100 (жүз) теңге	
	3) облигациялар саны	50 000 000 (елу миллион) дана	
	4) облигациялар шығарылымының жалпы көлемі	5 000 000 000 (бес миллиард) теңге	
	5) облигацияның номиналды құнының валютасы, облигациялар бойынша негізгі борыш және (немесе) есептелген сыйақы бойынша төлем валютасы	<p>Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы (теңге) облигацияның номиналды құнының валютасы, облигациялар бойынша негізгі борыш және (немесе) есептелген сыйақы бойынша төлем валютасы болып табылады.</p> <p>Барлық төлемдерді (сыйақыны және негізгі борыш сомасын төлеуді) банк қолма-қол ақшасыз тәртіппен Қазақстан Республикасының ұлттық валютасымен (теңгемен) жүзеге асырады.</p> <p>Егер Облигацияларды ұстаушы Қазақстан Республикасының бейрезиденті болып табылған жағдайда, Облигациялар бойынша сыйақы төлеу Облигацияларды ұстаушыда Қазақстан Республикасының аумағында теңгедегі банк шоты болған кезде теңгемен жүргізілетін болады.</p> <p>Банк Қазақстан Республикасының бейрезиденті – Облигацияларды ұстаушыдан тиісті жазбаша өтінішті тиісті төлем күніне дейін 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей алған жағдайда, төлемді жүзеге асыру кезінде теңгені өзге валютаға айырбастауға жол беріледі. Көрсетілген айырбастау төлемді жүзеге асыру күніне Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген бағам бойынша жүзеге асырылады. Теңгені өзге валютаға айырбастау Облигацияларды ұстаушының – Қазақстан Республикасының бейрезидентінің есебінен жүргізіледі.</p> <p>Облигациялар бойынша төлемді жүзеге асыру кезінде Қазақстан Республикасының резиденті – Облигация ұстаушысының пайдасына теңгені өзге валютаға айырбастауға жол берілмейді.</p> <p>Банктің айырбастау кезінде туындайтын шығыстары Облигацияларды ұстаушыға-Қазақстан Республикасының бейрезидентіне аударуға жататын сомадан ұсталатын болады.</p>	
4.	Орналасырылатын облигацияларға ақы төлеу тәсілі	Облигацияларды төлеу тәртібі мен шарттары, есеп айырысу тәсілдері "Қазақстан қор биржасы" АҚ-ның ішкі қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.	
5.	Облигациялар бойынша кіріс алу:		

"Bank RBK" АҚ екінші облигациялық бағдарламасы шегіндегі мемлекеттік емес облигациялардың бесінші шығарылымының Проспектісі

1)	облигациялар бойынша сыйақы мөлшерлемесі	тіркелген, Облигацияның номиналды құнынан жылдық 12% (он екі пайыз)
2)	облигациялар бойынша сыйақы төлеу мерзімділігі және (немесе) сыйақы төлеу күні;	купондық сыйақыны төлеу жылына екі рет, тиісінше, Облигациялардың айналысы басталған күннен бастап өтеу мерзіміне дейін әрбір 6 (алты) ай сайын жүргізіледі.
3)	облигациялар бойынша сыйақы есептеу басталатын күн	купондық сыйақыны есептеу Облигациялардың айналысы басталған күннен басталады.
4)	облигациялар бойынша сыйақы төлеу тәртібі мен шарттары, облигациялар бойынша сыйақы алу тәсілі	<ul style="list-style-type: none"> • облигациялар бойынша купондық сыйақыны төлеу купондық сыйақыны төлеу жүзеге асырылатын кезеңнің соңғы күнінен кейінгі күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күн ішінде облигацияларды ұстаушылардың ағымдағы шоттарына ақша аудару арқылы Қазақстан Республикасының ұлттық валютасымен (теңгемен) жүзеге асырылатын болады; • егер инвестор Қазақстан Республикасының бейрезиденті болып табылған жағдайда, купондық сыйақыны төлеу Қазақстан Республикасының аумағында банктік шот болған кезде теңгемен жүргізілетін болады. Соманы теңгемен Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген ресми бағам бойынша өзге валютаға, осындай төлемді жүзеге асыру күніне инвестор көрсеткен банк шотына, инвестордан жазбаша түрде тиісті өтініш алған кезде айырбастауға болады. Соманы теңгемен басқа валютаға айырбастау инвестордың есебінен жүргізілетін болады; • облигациялар бойынша купондық сыйақыны алу құқығына төлемдер жүзеге асырылатын кезеңнің соңғы күнінің басындағы жағдай бойынша облигацияларды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесінде тіркелген тұлғалар ие болады (бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізуді жүзеге асыратын тіркеушінің орналасқан жеріндегі уақыт бойынша); • төлем күнгі купондық сыйақы облигациялардың номиналды құнының купондық сыйақының жарты жылдық мөлшерлемесіне көбейтіндісі ретінде есептеледі.
5)	облигациялар бойынша сыйақыны есептеу үшін қолданылатын уақыт кезеңі.	купондық сыйақыны (купонды) есептеу үшін 360/30 (жылына 360 күн / айына 30 күн) уақытша база қолданылады.
6.	Арнайы қаржы компаниясының облигацияларын шығару кезінде жобалық қаржыландыру кезінде қосымша көрсетіледі:	Банк арнайы қаржы компаниясы болып табылмайды.
7.	Арнайы қаржы компаниясының облигацияларын шығару кезінде секьюритилендіру кезінде қосымша көрсетіледі:	Банк арнайы қаржы компаниясы болып табылмайды.
8.	Облигацияларды орналастыру шарттары мен тәртібі:	
1)	облигацияларды орналастыруды бастау күні	Облигациялар айналысының басталу күні
2)	облигацияларды орналастыруды аяқтау күні	Банктің бағалы қағаздарын ұстаушылардың жеке шотындағы немесе номиналды ұстауды есепке алу жүйесіндегі жарияланған бағалы қағаздар үшін Банктің жеке шотынан барлық Облигацияларды есептен шығару бойынша соңғы операцияны жүргізу күні.
3)	облигацияларды орналастыру жоспарланып отырған нарық (ұйымдастырылған және (немесе) ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар нарығы)	Облигацияларды "Қазақстан қор биржасы" АҚ сауда алаңында ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында орналастыру жоспарлануда.
9.	Облигациялар айналысының шарттары мен тәртібі:	
1)	облигациялар айналысының басталу күні	"Қазақстан қор биржасы" АҚ-ның ішкі қағидаларына сәйкес Облигацияларды орналастыру бойынша алғашқы өткізілген сауда-саттықты өткізу күні.

"Bank RBK" АҚ екінші облигациялық бағдарламасы шегіндегі мемлекеттік емес облигациялардың бесінші шығарылымының Проспектісі

		Облигациялар айналысының басталу күні туралы ақпарат "Қазақстан қор биржасы" АҚ-ның ресми сайтында жарияланатын болады.
2)	облигациялар айналысының аяқталу күні	Облигациялардың айналысы басталған күннен бастап 3 (үш) жыл өткен соң.
3)	айналым мерзімі;	Облигациялардың айналысы басталған күннен бастап 3 (үш) жыл.
4)	облигациялардың айналысы жоспарланатын нарық (ұйымдастырылған және (немесе) ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар нарығы)	Облигациялардың айналысы "Қазақстан қор биржасы" АҚ сауда алаңында ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында жоспарланады
10.	Облигацияларды өтеу талаптары мен тәртібі:	
1)	облигацияларды өтеу күні	Облигациялардың айналысының соңғы күнінен кейінгі күн, Облигациялардың айналысы басталған күннен бастап 3 (үш) жыл өткен соң.
2)	облигацияларды өтеу тәсілі	<ul style="list-style-type: none"> • Облигацияларды өтеу Облигациялар айналысының соңғы күнінен кейінгі күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күн ішінде жүргізіледі; • Облигациялар облигация ұстаушылардың ағымдағы банктік шоттарына ақша аудару арқылы соңғы купонды төлеумен бір мезгілде номиналды құны бойынша өтелетін болады; • Облигациялар бойынша купондық сыйақы және оларды өтеу кезіндегі Облигациялардың номиналды құны төлемдер жүзеге асырылатын кезеңнің соңғы күнінің басындағы жағдай бойынша оларды алуға құқығы бар тұлғаларға төленеді (бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізуді жүзеге асыратын орталық депозитарий орналасқан жердегі уақыт бойынша); • Егер инвестор Қазақстан Республикасының бейрезиденті болып табылған жағдайда, купондық сыйақыны және облигацияларды өтеу кезінде олардың номиналды құнын төлеу Қазақстан Республикасының аумағында банктік шот болған кезде Қазақстан Республикасының ұлттық валютасымен (теңгемен) жүргізілетін болады. Соманы теңгемен Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген ресми бағам бойынша өзге валютаға, осындай төлемді жүзеге асыру күніне инвестор көрсеткен банк шотына, инвестордан жазбаша түрде тиісті өтініш алған кезде айырбастауға болады. Соманы теңгемен басқа валютаға айырбастау инвестордың есебінен жүргізілетін болады.
3)	егер облигацияларды өтеу кезінде сыйақы мен номиналды құнды төлеу облигациялар шығару проспектісіне сәйкес өзге де мүлктік құқықтармен жүргізілетін болса, осы құқықтардың, олардың сақталу тәсілдерінің, бағалау тәртібінің және көрсетілген құқықтарды бағалауды жүзеге асыруға құқылы тұлғалардың, сондай-ақ осы құқықтардың ауысуын іске асыру тәртібінің сипаттамасы келтіріледі.	Облигацияларды өтеу кезінде сыйақы мен номиналды құнды төлеу өзге мүлктік құқықтармен жүргізілмейді.
11.	Бағалы қағаздар рыногы туралы Заңның 15 және 18-4-баптарында белгіленбеген облигацияларды сатып алудың қосымша шарттары болған жағдайда, көрсетіледі:	
1)	облигацияларды сатып алу құқығын іске асыру тәртібі, шарттары;	<ul style="list-style-type: none"> • Қажеттілігіне қарай және директорлар Кеңесінің шешімі негізінде Банк орналастырылған облигацияларды олардың айналысының бүкіл мерзімі ішінде сатып алуға құқылы.

"Bank RBK" АҚ екінші облигациялық бағдарламасы шегіндегі мемлекеттік емес облигациялардың бесінші шығарылымының Проспектісі

		<ul style="list-style-type: none"> • Банк орналастырылған облигацияларды сатып алуды облигацияларды ұстаушылардан алынған мәлімдемелердің негізінде, сатып алу күніне жинақталған купондық сыйақыны ескере отырып, облигациялардың номиналды құнына сәйкес баға бойынша не қандай шама ең жоғары болып табылатынына қарай облигациялардың әділ нарықтық бағасы бойынша жүзеге асырады. <p>Сатып алынған облигациялар өтелді деп есептелмейді және Банк өзінің сатып алынған облигацияларын Бағалы қағаздар рыногында олардың айналысының бүкіл мерзімі ішінде Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес орналастыруға құқылы. Мәміленің мерзімдері мен бағасы мәміле жасалған кезде қалыптасқан нарықтық жағдайлар негізге алына отырып айқындалады.</p>	
	2)	облигацияларды сатып алу құқығын іске асыру мерзімдері.	Облигацияларды сатып алу құқығын іске асыру мерзімдері осы проспектінің 19-тармағының 2) тармақшасында айқындалған.
12.	Егер бағалы қағаздар рыногы туралы заңда көзделмеген қосымша ковенанттар (шектеулер) белгіленген жағдайда, көрсетіледі:		
	1)	эмитент қабылдайтын және бағалы қағаздар рыногы туралы Заңда көзделмеген ковенанттардың (шектеулердің) сипаттамасы	Облигациялардың айналыс мерзімі ішінде Банк өз қызметінде мынадай шектеулерді (ковенанттарды) қабылдайды: 1) облигациялар эмитенті мен Биржа арасында жасалған листинг шартында және / немесе Биржаның өзге де ішкі құжаттарында белгіленген жылдық және аралық қаржылық есептілікті ұсыну мерзімдерін бұзуға жол бермеу; 2) Банкке аудиторлық компанияның осындай есептерді ұсыну мерзімдерін бұзу жағдайларын қоспағанда, облигациялар эмитенті мен Биржа арасында жасалған листингтік шартта және/немесе Биржаның өзге де ішкі құжаттарында белгіленген облигациялар эмитентінің жылдық қаржылық есептілігі бойынша аудиторлық есептерді ұсыну мерзімін бұзуға жол бермеу.
	2)	ковенанттар (шектеулер) бұзылған кездегі эмитенттің іс-қимыл тәртібі	Ковенанттар (шектеулер) бұзылған кездегі Банктің іс-қимыл тәртібі осы проспектінің 19-тармағының 2) тармақшасында айқындалған.
	3)	ковенанттарды (шектеулерді) бұзған кездегі облигацияларды ұстаушылардың іс-қимыл тәртібі	Ковенанттарды (шектеулерді) бұзған кездегі Облигация ұстаушылардың іс-қимыл тәртібі осы Проспектінің 19-тармағының 2) тармақшасында айқындалған.
13.	Айырбасталатын облигацияларды шығару кезінде қосымша мынадай мәліметтер көрсетіледі:		
14.	Шығарылған облигациялар бойынша міндеттемелерді толық немесе ішінара қамтамасыз ету болып табылатын эмитенттің мүлкі туралы мәліметтер		
15.	Осы шығарылымның облигациялары кепілдікпен қамтамасыз етілмеген.		
16.	Осы шығарылымның облигациялары кепілдікпен қамтамасыз етілмеген.		
17.	Инфрақұрылымдық облигациялар шығару кезінде - концессия шартының деректемелері және мемлекет кепілгерлігін беру туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы.		
17.	Облигацияларды орналастырудан алынған ақшаны пайдаланудың нысаналы мақсаты:		

"Bank RBK" АҚ екінші облигациялық бағдарламасы шегіндегі мемлекеттік емес облигациялардың бесінші шығарылымының Проспектісі

	<p>1) эмитент облигацияларды орналастырудан алатын ақшаны пайдаланудың нақты мақсаттары;</p>	<p>Осы шығарылымның облигацияларын орналастырудан алынған қаражатты Банктің және оның филиалдарының экономиканың нақты секторына, оның ішінде ірі кәсіпорындарға, шағын және орта бизнес субъектілеріне, сондай-ақ жеке тұлғаларға кредит беру саласындағы қызметін жандандыруға бағыттау жоспарлануда.</p> <p>Облигацияларды орналастырудан алынған ақшаны жоспарланған бөлуді өзгерту шарттары көзделмеген.</p>
	<p>2) инфрақұрылымдық облигацияларды шығару кезінде онымен жасалған шарттың талаптарына сәйкес облигацияларды ұстаушылар өкілінің қызметтеріне ақы төлеуге байланысты шығыстар көрсетіледі.</p>	<p>Облигациялар инфрақұрылымдық емес болып табылады.</p>
18.	<p>Айналыс мерзімі өткен эмитент бұрын орналастырған облигациялар бойынша талап ету құқықтарымен төленетін облигацияларды шығару кезінде (эмитент сатып алған облигацияларды шегергенде) осы облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу күні мен нөмірі, олардың түрі мен саны, сондай-ақ облигациялар шығарылымының көлемі, облигациялар бойынша жинақталған және төленбеген сыйақы сомасы қосымша көрсетіледі.</p>	<p>Облигацияларды төлеу тек қана ақшамен жүзеге асырылады.</p>
9.	<p>Облигация ұстаушыға берілетін құқықтар:</p>	
	<p>1) эмитенттен облигациялар шығарылымы проспектісінде көзделген облигацияның номиналды құнының мерзімін алу не өзге де мүлктік баламаны алу құқығы, сондай-ақ облигацияның номиналды құнының ол бойынша тіркелген пайызын не облигациялар шығарылымы проспектісінде белгіленген өзге де мүлктік құқықтарды алу құқығы</p>	<ul style="list-style-type: none"> • Қазақстан Республикасының заңнамасына және Проспектіге сәйкес облигациялармен мәмілелерді жүзеге асыру құқығы. • Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен және мерзімде эмитенттің қызметі туралы ақпарат алу құқығы; • Шығарылым Проспектісінде көзделген мерзімде Облигациялардың номиналды құнын алу; • Шығарылым Проспектісінде көзделген мерзімде купондық сыйақыны алу; • Облигацияларды еркін сату және басқаша иеліктен шығару; • Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен ақпарат алу; • Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен өз талаптарын қанағаттандыру; • Банк Проспектіде көзделген өз міндеттемелері мен шектеулерін (ковенанттарды) сақтаған кезде облигацияларды ұстаушылардың мерзімінен бұрын өтеуді талап ету құқығы көзделмеген. • Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген облигацияларға меншік құқығынан туындайтын өзге де құқықтар.
	<p>2) эмитенттің осы құқықты іске асыру шарттарын, тәртібін және мерзімдерін көрсете отырып, оның ішінде облигациялар шығару Проспектісінде көзделген ковенанттарды (шектеулерді) бұзған кезде облигацияларды сатып алуын талап ету құқығы</p>	<p>Банк "Бағалы қағаздар нарығы туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 2 шілдедегі №461-II Заңының 18-4-бабында көзделген талаптарды және осы Проспектіде белгіленген шектеулерді (ковенанттарды) бұзған жағдайда, Банк облигацияларды ұстаушылардың талап етуі бойынша Облигацияларды сатып алуға міндетті.</p> <p>Шектеулерді (ковенанттарды) бұзған жағдайда Банк бұзушылық басталған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде шектеулерді (ковенанттарды) бұзу туралы ақпаратты оны қаржылық есептілік депозитарийінің (www.dfo.kz) интернет-ресурсында орналастыру және "Қазақстан қор биржасы" АҚ-ны www.kase.kz интернет-ресурсында орналастыру үшін ұсыну арқылы, бұзушылықтың туындау себептерін егжей-тегжейлі сипаттай отырып және Банкке талаппен жүгіну</p>

"Bank RBK" АҚ екінші облигациялық бағдарламасы шегіндегі мемлекеттік емес облигациялардың бесінші шығарылымының Проспектісі

		<p>тәртібін косо алғанда, облигацияларды ұстаушылардың өз талаптарын қанағаттандыру бойынша ықтимал іс-қимылдарының тізбесін көрсете отырып, жазбаша хабарламаны облигацияларды ұстаушылардың назарына жеткізеді.</p> <p>Облигацияларды ұстаушылар шектеулердің (ковенанттардың) бұзылуы туралы ақпараттық хабарлама жарияланған күннен бастап күнтізбелік 15(он бес) күн ішінде Банкке өздеріне тиесілі Облигацияларды сатып алу туралы жазбаша талаптар қоюға құқылы.</p> <p>Сатып алу рәсімі барлық қажетті деректемелерді көрсете отырып, еркін нысанда жасалған облигацияларды сатып алу туралы Облигация ұстаушы берген жазбаша талап негізінде ғана жүзеге асырылады:</p> <ul style="list-style-type: none"> • <u>занды тұлға үшін:</u> облигацияларды ұстаушының атауы; бизнес-сәйкестендіру нөмірі; мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің (анықтаманың) нөмірі, берілген күні және берген орган; заңды мекенжайы және нақты орналасқан жері; телефондары; банк деректемелері; сатып алуға жататын Облигациялардың саны мен түрі; • <u>жеке тұлға үшін:</u> облигацияларды ұстаушының тегі, аты және бар болса әкесінің аты; жеке сәйкестендіру нөмірі; жеке басын куәландыратын құжатты берген нөмірі, күні және органы; тұрғылықты жері; телефондары; банк деректемелері; сатып алуға жататын Облигациялардың саны мен түрі. <p>Сатып алу туралы алғашқы жазбаша талапты алған күннен кейінгі күнтізбелік 10 (он) күн ішінде Банктің директорлар Кеңесі Облигацияларды сатып алу күніне жинақталған купондық сыйақыны ескере отырып, облигациялардың номиналды құнына сәйкес баға бойынша не облигацияларды ұстаушылардың ағымдағы банктік шоттарына төлеуге жататын соманы аудару арқылы қандай шама ең көп болып табылатынына қарай Облигациялардың әділ нарықтық бағасы бойынша сатып алу туралы шешім қабылдайды.</p> <p>Банктің директорлар Кеңесі Облигацияларды сатып алу туралы шешім қабылдағаннан кейін Банк бұл шешімді облигация ұстаушылардың назарына оны қабылдаған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде қаржылық есептілік депозитарийінің (www.dfo.kz) интернет-ресурсында хабарлама орналастыру және "Қазақстан кор биржасы" АҚ-ның оның www.kase.kz интернет-ресурсында орналастыру үшін ұсыну арқылы жеткізеді..</p> <p>Банк Облигацияларды сатып алуды Банктің директорлар Кеңесінің тиісті шешімі жарияланғаннан кейін күнтізбелік 25 (жиырма бес) күн ішінде жүзеге асырады.</p> <p>Облигацияларды сатып алуға өтініш бермеген облигацияларды ұстаушылардың осы Проспектіде көрсетілген олардың айналыс мерзімі аяқталғаннан кейін оларға тиесілі Облигацияларды өтеуге құқығы бар.</p>
3)	өзге де құқықтар	Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда және тәртіппен облигацияларға құқықтан туындайтын өзге де құқықтар.
20.	Эмитенттің облигациялары бойынша дефолт жариялау ықтималдығы орын алған оқиғалар туралы мәліметтер:	
1)	эмитенттің облигациялары бойынша дефолт жариялау ықтималдығы болатын оқиғалар тізбесі	<p>- дефолт-эмиссиялық бағалы қағаздар және өзге де қаржы құралдары бойынша міндеттемелерді орындамау.</p> <p>- Банктің облигациялары бойынша дефолт Банктің кінәсінен Облигациялар бойынша купондық сыйақы және/немесе Облигациялардың номиналды құны төленбеген немесе толық төленбеген жағдайда осы Проспектіде белгіленген облигациялар бойынша купондық сыйақыны және/немесе</p>

"Bank RBK" АҚ екінші облигациялық бағдарламасы шегіндегі мемлекеттік емес облигациялардың бесінші шығарылымының Проспектісі

		<p>Облигациялардың номиналдық құнын төлеу мерзімдері аяқталған күннен кейінгі күннен бастап басталады;</p> <p>- егер мұндай төлемеу және/немесе толық төлемеу Банктің облигацияларды Ұстаушының банктік шотының дәйексіз не толық емес деректемелерін алуы нәтижесінде болса, не орталық депозитарийдің Банкке заңнамада белгіленген мерзімде және онымен жасалған шартта облигацияларды ұстаушылардың тізілімін ұсынбауы осы Проспектіде белгіленген мерзімдерде төлемеу не сыйақыны және/немесе номиналды құнды толық төлемеу Облигациялары бойынша дефолт болып табылмайды;</p> <p>- Егер бұл орындамау еңсерілмейтін күш мән-жайларының салдары болып табылса, Банк осы Проспект бойынша өз міндеттемелерін ішінара немесе толық орындамағаны үшін жауапкершіліктен босатылады. Еңсерілмейтін күш мән-жайлары деп басталуын алдын ала болжау немесе болдырмау мүмкін болмаған мән-жайлар (дүлей құбылыстар, әскери іс-қимылдар, уәкілетті органдардың тыйым салу немесе шектеу сипатындағы актілері және т.б.) түсініледі. Еңсерілмес күш мән-жайлары туындаған жағдайда, Банктің осы Проспект бойынша өз міндеттемелерін орындау мерзімі осындай мән-жайлар мен олардың салдарлары қолданылатын уақыт кезеңіне мөлшерлес кейінге шегеріледі.</p>
2)	<p>облигациялар бойынша сыйақы төлеу жөніндегі міндеттемелер орындалмаған немесе тиісінше орындалмаған кезде облигацияларды ұстаушылардың құқықтарын қорғау рәсімдерін, оның ішінде міндеттемелерді қайта құрылымдау тәртібі мен шарттарын қоса алғанда, облигациялар бойынша дефолт басталған жағдайда эмитент қолданатын шаралар</p>	<p>- Банктің кінәсінен осы Проспектіде белгіленген мерзімдерде Облигациялар және/немесе Облигациялардың номиналды құны бойынша купондық сыйақы төленбеген немесе толық төленбеген жағдайда, Банк осы шығарылымның облигацияларын Ұстаушыға ақша міндеттемесін немесе оның тиісті бөлігін орындау күніне уәкілетті органның қайта қаржыландырудың ресми ставкасын негізге ала отырып есептелетін, мерзімі өткен әрбір күн үшін өсімпұл төлеуге міндеттенеді</p> <p>- Банк барлық қажетті іс-шараларды жүзеге асырады және өз міндеттемелері бойынша дефолтқа жол бермеу мақсатында барлық қажетті шараларды қабылдайды, алайда осы шығарылымның Облигациялары бойынша дефолт басталған кезде Банк дефолт тудырған себептерді жою үшін барлық күш-жігерін салады, оның ішінде өзінің қаржылық жағдайын жақсарту жөнінде шаралар қабылдайды;</p> <p>- осы шығарылымның облигациялары бойынша дефолт туындаған жағдайда облигация ұстаушының талаптарын қанағаттандыру осы Проспектіде және Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тәртіппен және шарттарда жүзеге асырылатын болады.</p> <p>Облигациялар бойынша дефолт туындаған жағдайда эмитенттің міндеттемелерін қайта құрылымдау туралы шешім Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес кредиторлардың келісімімен, оның ішінде Облигацияның оны ұстаушыға беретін құқықтары ескеріле отырып, акционерлердің жалпы жиналысының шешімімен қабылданады. Міндеттемелерді қайта құрылымдаудың тәртібі мен шарттарын Эмитент облигациялар ұстаушылармен облигациялар бойынша дефолт туындаған жағдайда, облигацияларды ұстаушылар өкілінің міндетті түрде қатысуымен келіссөздер жүргізу жолымен келіседі.</p>
3)	<p>эмитенттің орындалмаған міндеттемелердің көлемі, міндеттемелердің орындалмау себебі, облигациялар ұстаушылардың өз талаптарын қанағаттандыру бойынша ықтимал іс-қимылдарының аударылуы,</p>	<p>Дефолт туындаған кезде Банк осы проспектіде белгіленген облигациялар бойынша міндеттемелерді орындау күніне дейін 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей облигация ұстаушыларына қаржылық есептілік депозитарийінің (www.dfo.kz) интернет-ресурсында оны орналастыру және "Қазақстан қор биржасы" АҚ-ның www.kase.kz интернет-ресурсында орналастыру үшін ұсынуы арқылы облигациялардың дефолты туралы ақпаратты,</p>

"Bank RBK" АҚ екінші облигациялық бағдарламасы шегіндегі мемлекеттік емес облигациялардың бесінші шығарылымының Проспектісі

	<p>облигацияларды ұстаушылардың эмитентке, эмитент облигациялар бойынша міндеттемелерді орындамаған не тиісінше орындамаған жағдайда эмитенттің міндеттемелері бойынша ортақ немесе субсидиарлық жауаптылықта болатын тұлғаларға қатысты жүгіну тәртібі туралы мәліметтерді қамтитын дефолт фактілері туралы ақпаратты облигацияларды ұстаушылардың назарына жеткізу тәртібі, мерзімі және тәсілдері</p>	<p>облигациялар бойынша дефолттың туындау себептері егжей-тегжейлі сипатталған жазбаша хабарламаны жеткізеді, облигацияларды ұстаушылардың Банкке талаппен жүгіну тәртібін қоса алғанда, өз талаптарын қанағаттандыру бойынша ықтимал іс-қимылдарының тізбесін көрсете отырып, жазбаша хабарлауға міндетті.</p> <p>При возникновении дефолта, Банк не позднее 3 (трех) рабочих дней до установленной настоящим Проспектом даты исполнения обязательств по облигациям, доводит до сведения держателей облигаций информацию о дефолте облигаций посредством ее размещения на интернет-ресурсе депозитария финансовой отчетности (www.dfo.kz) и предоставления АО «Казахстанская фондовая биржа», для размещения на его интернет-ресурсе www.kase.kz, письменного уведомления с подробным описанием причин возникновения дефолта по облигациям, объема неисполненных обязательств и указанием перечня возможных действий держателей облигаций по удовлетворению своих требований, включая порядок обращения с требованием к Банку.</p>
4)	<p>эмитент облигациялар бойынша міндеттемелерді орындамаған не тиісінше орындамаған жағдайда эмитенттің міндеттемелері бойынша ортақ немесе субсидиарлық жауаптылықта болатын тұлғалармен жасалған шарттың күні мен нөмірі, осы тұлғалардың толық атауы, сондай-ақ олардың мемлекеттік тіркелген күні (осындай тұлғалар болған кезде)</p>	<p>Банк облигациялар бойынша міндеттемелерді орындау бойынша дербес жауапты болады.</p>
21.	<p>Облигацияларды өтеу сәтіне дейін сыйақыларды төлеудің әрбір кезеңі бөлігінде сыйақыларды төлеу және негізгі борыш сомасын өтеу үшін қажетті эмитенттің ақша қаражатының көздері мен ағындарының болжамы.</p>	<p>Облигацияларды өтеу сәтіне дейін сыйақы төлеудің әрбір кезеңі бөлінісінде сыйақы төлеу және негізгі борыш сомасын өтеу үшін қажетті банктің ақша қаражаты көздері мен ағындарының болжамы осы Проспектіге №1 Қосымшада ұсынылған.</p>
22.	<p>Эмитенттің облигацияларын ұстаушылардың өкілі туралы мәліметтер (қамтамасыз етілген, инфрақұрылымдық немесе ипотекалық облигациялар шығарылған жағдайда):</p>	<p>Облигациялардың осы шығарылымының облигациялары бойынша облигацияларды ұстаушылардың өкілі көзделмеген</p>
23.	<p>Эмитенттің төлем агенті туралы мәліметтер (бар болса):</p>	<p>Төлем агенті қарастырылмаған. Купондық сыйақыны және номиналды құнды төлеуді банк дербес жүзеге асырады.</p>
24.	<p>Эмитент консультанттары туралы мәліметтер (егер бағалы қағаздар нарығы туралы Заңға сәйкес эмиссиялық бағалы қағаздарды қор биржасының ресми тізіміне енгізу және олардың болуы мәселелері бойынша консультациялық қызметтер көрсету жөнінде шарт жасасу жөніндегі міндет белгіленген жағдайда):</p>	<p>"Қазақстан қор биржасы" АҚ ресми тізіміне облигацияларды қосуды және орналастыруды банк дербес жүзеге асырады.</p>

Басқарма Төрағасы



Н.Е. Акентьева

**"BankRBK" АҚ екінші облигациялық бағдарламасы шегінде
мемлекеттік емес облигациялардың бесінші шығарылымы Проспектісіне
№1 Қосымша**

<i>Млн. теңге</i>	1к 2022	2к 2022	1к 2023	2к 2023	1к 2024	2к 2024
Операциялық қызметтен түсетін ақша ағындары						
Операциялық активтер мен міндеттемелердегі өзгерістерге дейінгі операциялық қызметтен ақша ағындары	22 369	22 369	24 812	24 812	27 344	27 344
Операциялық қызметтен корпоративтік табыс салығына дейінгі ақша қаражатының таза түсімі / (жұмсалуды)	15 267	15 267	26 142	26 142	22 799	22 799
Төленген корпоративтік табыс салығы	-	(1 477)	-	(1 958)	-	(2 522)
Операциялық қызметтен ақша қаражатының таза ағыны / (жылыстауы)	15 267	13 790	26 142	24 184	22 799	20 277
Инвестициялық қызметтен түскен ақша қозғалысы						
Негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді сатудан (сатып алудан) / сатудан түскен ақша ағындары	(500)	(500)	(500)	(500)	(500)	(500)
Инвестициялық бағалы қағаздарды сатудан (сатып алудан) / сатудан түскен ақша ағындары	(10 000)	(10 000)	(11 000)	(11 000)	(12 100)	(12 100)
Инвестициялық қызметтен түскен ақша қаражатының таза ағыны / (жылыстауы)	(10 500)	(10 500)	(11 500)	(11 500)	(12 600)	(12 600)
Қаржы қызметінен түскен ақша қозғалысы						
Дивидендтерді төлеу	(5 000)	-	(5 000)	-	(5 000)	-
Борыштық бағалы қағаздарды шығарудан / (өтеуден) түскен ақша ағындары	-	-	-	-	-	(5 000)
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар бойынша купонды өтеу	(5 738)	(5 738)	(5 738)	(5 738)	(5 601)	(5 601)
Қаржы қызметінен ақша қаражатының таза ағыны / (жылыстауы)	(10 738)	(5 738)	(10 738)	(5 738)	(10 601)	(10 601)
Ақша қаражаты мен оның баламаларындағы таза өзгеріс	(5 971)	(2 448)	3 904	6 946	(402)	(2 924)
Кезең басындағы ақша және оның баламалары	52 456	46 485	44 037	47 941	54 887	54 486
Кезең соңындағы ақша және оның баламалары	46 485	44 037	47 941	54 887	54 486	51 562



**Проспект пятого выпуска негосударственных облигаций в
пределах второй облигационной программы
на сумму 5 000 000 000 (пять миллиардов) тенге**

Полное наименование:

